

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Тағам гигиенасы, жалпы гигиена және экология кафедрасы

СРС

Орындаған: Ережеп А.
С
5002МПІ

Тексерген: Сейлханова
Ж.А.

Қарағанды 2017 ж.

ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе
 - Негізгі бөлім
 - Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар
 - Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік нормалау
 - Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - Азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндірушілер
 - Азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін шаралар
 - Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

- Азық-түлік қауіпсіздігі - қазіргі таңда дүниежүзілік экономикалық саясаттың күнделікті талқысына айналып отырған мәселелердің бірі және бұл еліміздің Ұлттық қауіпсіздігінің негізгі салаларының бірі болғандықтан ерекше маңыздылыққа ие. 1998 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздігі туралы Заңында азық-түлік қауіпсіздігіне мынадай анықтама берілген: «азық-түлік қауіпсіздігі – тұтынудың физиологиялық нормаларын және демографиялық өсуді қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қол жеткізуін қамтамасыз етуге мемлекеттің қабілетті екендігін білдіретін экономиканың жай-күйі».



ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНЕ

ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

- 1. Сатуға арналған тамақ өнімдері химиялық және биологиялық, оның ішінде адамдардың денсаулығы үшін қауіп туғызуы ықтимал радиоактивтік, микробиологиялық заттар мен олардың қосылыстарының құрамындағы мөлшері жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.
- 2. Балаларды тамақтандыру өнімдерінің тамақтық құндылығы бала организмнің жай-күйі мен жасына сәйкес келуі және денсаулық үшін қауіпсіз болуы тиіс.
- 3. Емдеу-профилактикалық тамақтандыру өнімдері, тағамдық және биологиялық белсенді қоспалар арнаулы мақсаттағы өнімдерге жатады және олардың денсаулық сақтау органдары белгіленген тәртіппен бекіткен нормативтік құжаттамаға сәйкес қасиеттері мен сипаттамалары болуы тиіс.

ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН МЕМЛЕКЕТТІК НОРМАЛАУ

- 1. Тамақ өнімдерінің сапасына, буылып-түйілуіне, таңбалануына, бақылау (талдау) әдістеріне, бағалау рәсімдеріне және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігінің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін растауға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен нормативтік құжаттарда белгіленеді.
- 2. Тамақтық және биологиялық белсенді қоспалардың, тамақ өнімдерінің (малдан алынатын азық-түлік шикізатынан басқа) тамақтық және энергетикалық құндылығына, қауіпсіздігіне, сондай-ақ тамақ өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау, өткізу (сату) және қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетуге қойылатын талаптар ұлттық (мемлекетаралық) стандарттарда және санитариялық қағидалар мен нормаларда белгіленеді.
-

- 3. Малдан алынатын азық-түлік шикізатын (ет, балық, құс, жұмыртқа және басқа) дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ұлттық (мемлекетаралық) стандарттар мен ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен нормаларда белгіленеді.

Өсімдіктен алынатын азық-түлік шикізатының сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар санитарлық ережелер мен нормаларда және фитосанитарлық ережелер мен нормаларда белгіленеді.

Жоғарыда көрсетілген талаптар ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне, халықтың тамақтану ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына, тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының ықтимал қауіпті қасиеттеріне, оларды тамаққа пайдаланудан адамдардың денсаулығына зиян келуі қаупіне, сондай-ақ олардың әлеуметтік және экономикалық зардаптарына негізделеді.

- 4. Ұлттық стандарттарды, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қағидалар мен нормаларды стандарттау және сертификаттау саласындағы қадағалау, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау, ветеринариялық қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік

АЗЫҚ-ТҮЛІК ШИКІЗАТЫ МЕН ТАМАҚ

ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. Заңды және жеке тұлғалар тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін: нормативтік және техникалық құжаттардың талаптарын, ал олар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген, ұқсас өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігіне талаптар белгілейтін нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарды сақтау;

- азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің дайындау, сақтау тасымалдау және сату кезіндегі сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық санитарлық-гигиеналық, алдын алу және эпидемияға қарсы, малдәрігерлік-санитарлық, технологиялық, инженерлік-техникалық, агрохимиялық және фитосанитарлық іс-шараларды жүргізу;
- сапаны басқару жүйесін енгізу арқылы тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне, оны дайындау, сақтау, тасымалдау және сату шарттарының сақталуына өндірістік бақылауды жүргізу;
- нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестікке міндетті түрде сертификаттауға жататын тамақ өнімдеріне сертификаттауды және өнімді санэпидсараптаманы жүргізу арқылы қамтамасыз етеді.

- 2. Нәтижелері сертификаттаудың мақсаттары үшін пайдаланылмайтын азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін зерттеуді белгіленген тәртіппен аттестациядан өткен зертханалар жүзеге асырады.
- 3. Тамақ өнімдерін сертификациялық сынауды сертификаттаудың мемлекеттік жүйесінде тіркелген зертханалар сынақтарды жүргізудің тәртібін белгілейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізеді.
- 4. Дайындаушы мүмкін болатын бұрмалаушылықтан өз өнімін қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Қазіргі уақытта Қазақстанның **азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндірушілер**

ретіндегі ішкі қатерлерге төмендегілер жатады:

- егін алқаптарының қысқаруы және астық жинаудың төмендеуі;
- ауыл шаруашылық малдарының қысқаруы;
- ауыл шаруашылық өнімін сақтау және өңдеу салаларының дамымағандығы;
- ауыл шаруашылық өндірушілеріне несиелеудің тиімді механизмінің болмауы;
- жер ресурстарының тозуы, топырақтың құнарлығының төмендеуі және тұздануы;
- импорттық азық-түлік пен ауылшаруашылық технологияларына тәуелділіктің өсуі;
- табиғи апаттарға: жер сілкінісі, қуаңшылық, су тасқыны және т.б. жағдайларға дайындықтың болмауы;
- агроном кадрларды дайындау сапасының төмендігі;
- ауыл жастарының қалаға массалық ағылуы, бұл ауылдың демографиялық дағдарысына алып келеді.

Қазақстандағы **азық-түлік қауіпсіздігін арттыру** үшін төмендегі шаралар жасалуы қажет:

- Қазақстанда азық-түлік саласына терең талдау жасап, әр өнім түрі бойынша елімізде өндірілу, сырттан әкеліну көрсеткіштерін есептеу. Бұл ретте азық-түлік түрлерінің өзіндік құны мен бәсекеге қабілеттілігі шарттарын ескеру керек;
- Талдау қорытындысы бойынша әрбір салаға бөлінетін қаржы, әкімшілік, жер, кадр ресурстары мәселелеріне қатысты нақты шешімдер қабылдау және оны орындауда жауапты тұлғаларды бекіту;
- Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін өндірілетін азық-түлік түрлерінің тек қоймаларда есеп беру үшін сақтап қоймай, жоғары сапалы болуын қамтамасыз ету;
- Азық-түлік сапасына зерттеулер жүргізіп, белгілі бір жүйеге келтіру;
- Әр облыс, әр қалада азық-түлік қауіпсіздігі бойынша шағын аймақтық кластерлер құру.

- Азық-түлік қауіпсіздігінің үш деңгейі бар. Біріншіден, әр мемлекетте қолжетімділік болуы тиіс, яғни өнім мемлекеттің өзінде өндірілуі керек немесе ондай жағдай болмаса шетелден әкелінуі қажет. Екіншіден, азық-түлікті халықтың сатып алуға мүмкіншілігі болуы керек. Басқаша айтқанда, азаматтың өз қаражатына азық-түлік қоржынын нарықтық бағамен алуға шамасы келуі тиіс. Ал үшінші деңгейде азық-түлік сапасы жоғары болуы қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Қорыта айтқанда, азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады. Өйткені, бірде-бір мемлекет халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етпей тұрып, елдің экономикалық, саяси немесе ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы 1998 ж. 26 маусымдағы № 233-1 Қазақстан Республикасының Заңы (2009.11.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
- Республика Казахстан. Закон от 19 января 2001 г. №. О зерне // Правовая база «Әділет».
- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы // Правовая база «Әділет»
- Волончин К.В., Д.А. Еделев, В.М. Кантере Технологии обеспечения безопасности и качества продуктов // Пищевая промышленность № 5. – 2010. – С.16-17.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары туралы № 145 Қаулысы// Правовая база «Әділет».

Назарларыңызға рахмет